

Шектеуіс-шараларын тоқтату және Қусақ ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 шілдедегі "Қусақ ауылдық округінің Қошқар аулындағы жеке аулаларға шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 3 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қусақ ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 04 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2023 жылғы 10 қазандағы № 13-4-4/202 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малының бруцеллез ауруына жоспарлы ветеринарлық сауықтыру жұмыстарының атқарылуына байланысты, Ақтоғай ауданы Қусақ ауылдық округі Қошқар аулының төмендегі тізім бойынша жеке аулаларына белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

- 1) Жақыпбекова Алмагүл Қордабайқызы Сарыарқа көшесі 1 үй
- 2) Балапанов Оналбек Есимбекулы Жеңіс көшесі 32 үй
- 3) Мәдиев Оңал Оралұлы Бейбітшілік көшесі 11/2 үй
- 4) Бейс Нурбек Мекенұлы Бейбітшілік көшесі 5 үй
- 5) Сейлхан Кабира Жумаханқызы Наурыз көшесі 7 үй
- 6) Шалхарбаев Сабырхан Тлеукабылович Мәдениет көшесі 12 үй
- 7) Турсынбаев Ауез Науханбекулы Наурыз көшесі 20 үй
- 8) Мұқашов Нұрлан Қабылбекұлы Жеңіс көшесі 4 үй

2. Ақтоғай ауданы Қусақ ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 шілдедегі "Қусақ ауылдық округінің Қошқар аулындағы жеке аулаларға шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 3 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қусақ ауылдық округінің әкімі

Д.Мукатай